

Қазақстанның жүк тасымалдарының әлеуетін одан әрі арттыратыны айқын. Бұл ретте Қазақстанның кеме қатынасы әлеуетіне әсер ететін шарттардың бірі ЮНЕСКО-ның Ұлы Жібек жолын қайта құруды кезең-кезеңімен іске асыруын айтпай кете алмаймыз.

1988 жылы ЮНЕСКО Ұлы Жібек жолы елдерімен бірлесіп ауқымды зерттеулер мен қалпына келтіруді бастады. Оның барлық негізгі мақсаттары тарихты насихаттап қастерлеу, жаңа археологиялық артефактілерді зерттеу, оларды карта бетіне шығару және осы жолда мемлекеттермен тығыз ынтымақтастық орнату болды. Бұл Еуропадағы түркітілдес елдердің сөзсіз өсуін қамтыған бастама. ЮНЕСКО-ның бұл бастамасы Қазақстан сияқты елдерге Ұлы Жібек жолының мәдени, тарихи және экономикалық маңызын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осы тұста, Ұлы Жібек Жолы өзінің ерекшелігімен, бастамаларымен тек Қазақ еліне ғана емес, бүкіл әлем азаматтарына ғибрат болғанын аңғарамыз!

Қорытындылай келе, Ұлы Жібек жолы ежелгі заманда Шығыс пен Батыс арасындағы сауда, мәдениет және идея алмасуының ең маңызды дәлізі ретінде адамзат тарихында өшпес із қалдырды. Бұл тарихи жол Қазақстан үшін экономикалық, мәдени және геосаяси тұрғыдан аса маңызды болды. Қазақстанның кең-байтақ аумағы Ұлы Жібек жолының негізгі бөлігін қамтыды, бұл елдің дамуына ерекше ықпал етті. Әрбір көлік дәлізі Қазақстанның халықаралық аренадағы орнын нығайтуға, сонымен қатар Ұлы Жібек жолының жаңғыруы арқылы елдің тарихи рөлін жаңартуға мүмкіндік беріп отыр. Тауарлардың немесе адамдардың елден-елге транзиттік тасымалдануы бүгінде жаңа заманда сауда-саттықтың маңызды бір бөлігіне айналды. Ұлы Жібек жолы осы тұрғыда транзиттің ең бастамасы, әлемді түйістірген алғашқы жаһандық жол болды. Бұған еш күмән жоқ, қазақтың кең байтақ даласы, Ұлы Жібек жолының жүрегі бола отырып, біздің елімізге ғаламдық сауда мен мәдениет көшінде ерекше орын береді. Сол жолдың іздері бүгінгі күнде жаңаша өмір сүруде, әрі Қазақстан әлемнің маңызды көлік торабына айналуға зор мүмкіндік алды. Тек өткен тарихтың мәнін терең түсініп, оны келер ұрпаққа жеткізу ғана емес, осы жолмен Қазақстанның болашақта әлемдік экономикадағы орны күшейе түсеріне айғақ болып табылады. Осылайша, Ұлы Жібек жолының жаңғыруы Қазақстанның болашақта әлемдік экономикадағы рөлін күшейтуге негіз бола алады. Тарихтың тамырынан таралған керуен жолы, мәдениеттер тоғысқан өркениет көпірі, бір дәуірдің алтын артериясы, адамзат тарихындағы ынтымақтастықтың ұлы үлгісі, барлық мақтау-мадақтар ұлы тарихтың бір бөлшегі Ұлы Жібек жолына тиесілі! Өткенді саралап, мәні мен мағынасын, келер ұрпаққа жеткізу баршамыздың қасиетті борышымыз!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. - Алматы: Аруна Ltd, 2007. - 384б.
2. Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. - Алматы: Қазақстан, 1992. - 198 б.
3. Гумилев Л.Н. Древние Тюрки. - Москва, 1967. - 507 б.
4. Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 1-том. - Алматы: Атамұра, 2010. - 544 б.

ТҰРАР РЫСҚҰЛОВ ЖӘНЕ ЖЕР-СУ РЕФОРМАСЫ

Дулатов Р.Қ.

Ғылыми жетекші: аға оқытушы Темиржанова Ш.М.

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті

Rahatk@mail.ru

Қарағанды қ.

Тұрар Рысқұлов атақты білімді әрі іскер адамдардың отбасында тәрбиеленген. Жасынан алғыр, білімге құштар болған Тұрар түрлі оқу орындарында білім алып, кеңес билігі орнағаннан кейін саяси қызметке араласа бастады. Тұрар Рысқұлов Кеңес өкіметі кезінде бірнеше маңызды лауазымдарда қызмет атқарды, оның ішінде Қазақстанның халық шаруашылығы жөніндегі комиссары және Түркістан республикасының халық комиссары болды. Оның ең маңызды реформалық шараларының бірі – ауыл шаруашылығын дамыту мен жер-су реформасын жүргізу еді. Ол жерді әділ бөлу мен суармалы егіншілікті дамыту үшін көп күш салды. Т.Рысқұловтың реформалары ауыл шаруашылығын жаңғыртуға бағытталады [1, 1 б.].

Жер-су реформасы - патша өкіметінің Қазақстанда жүргізген отарлық саясатының зардаптарын жоюға және 1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінен кейінгі жазалау шаралары кезінде жергілікті халықтардан тартып алынған жерлерді бұрынғы иелеріне қайтаруға бағытталған аграрлы реформа немесе жерге қатысты саясат [1, 2 б.].

Тұрар Рысқұлов ұлттық мүддені жоғары қойып, қазақ жерінің ұлттық меншік ретінде сақталуына күш салды. Ол Қазақстанның табиғи ресурстарын, оның ішінде жер мен су қорларын тиімді пайдалану қажеттігін түсінді. Қазақстанда 1921-1922 жылдары ЖЭС аясында жүргізілген шаралардың бірі жер-су реформасы болды. Реформаның негізгі міндеті 1920 жылы құрылған ҚАКСР-нің аумағында қазақ жерлерін біріктіру болды. Патшалық биліктің жүргізген саясаты нәтижесінде Қазақстанда жер мәселесі өте күрделі мәселелердің біріне

айналған еді. Ресейдің орталық аудандарынан, әсіресе сталиндік реформа кезеңінде шаруалардың қоныс аударуы Орта Азия мен Қазақстанда отарлаудың құрамды шарттарының бірі болды. Патша өкіметінің қоныстандыру саясаты барысында келімсек орыс шаруалары жергілікті тұрғындардан орасан зор егістік жерлерді басып алды. Тек 1916 ж. өзінде Жетісу мен Сырдария облыстарында қоныстанушы шаруалардың қолында 2659 млн. десятина жер болды. Жергілікті тұрғындардың жерін тартып алу 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті басып-жаншу барысында ерекше жыртқыштықпен жүргізілді. Жазалаушылардан қашқан тұтқындардың иесіз қалған жерін иемденумен бірге, шұрайлы егістік жерлерді жазалау шараларын қолданып, қорқытып - үркіту тәсілдері арқылы да иелену кең өріс алды. Осылайша жерді басып алу келімсек шаруалар тарапынан 1920 жылға дейін жалғасып келді. Патша әкімшілігінің тікелей қамқорлық жасауы нәтижесінде орыс және жергілікті шаруаның жер иеленуге деген құқында теңсіздік көзге ұрып тұрды. Жер-су реформасы қарсаңында орыс шаруалары барлық дақылдар егістігінің тең жартысын иемденді және жергілікті тұрғындармен салыстырғанда жермен 15 есе артық қамтамасыз етілді.[2, 1 б.].

Міне, осындай теңсіздік жағдай Түркістанның егінші дихандарын бұрынғы тартып алынған жерлерді қайтаруды талап етуге итермеледі. Басшы органдар кеңес үкіметінің беделін көтеру мақсатында бұл талаптарды түсіністікпен қабылдады. Біріншіден, отаршылдықтың қалдығын жойып, жергілікті тұрғындардың сеніміне ие болса, екіншіден «ауылшаруашылығы пролетариатының» мүддесіне қызмет жасаған болып, тап күресінің өртің тұтатып жіберу еді. Реформа барысында Кеңес өкіметінің жергілікті органдары бұл міндеттерді іске асыра алды.[2, 2 б.].

Осыған байланысты қазақ автономиясы құрамында жер саясатын жүргізуші жетекші орган Жер комитеті құрылды. Ол қазақ автономиясы аясында қазақ жерлерін біріктіру мақсатымен 1921 жылы 7 ақпанда декрет қабылдады. Қазақ АКСР-дың Жер комитеті қабылдаған бұл декрет бойынша кезінде көшіп қону қорына (переселенческий фонд) тартып алынып, пайдаланылмай тұрған Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстарындағы бос жатқан жерлер, олардың 1917 жылға дейін алынғанына қарамастан қазақтарға қайтарылады. 1921 жылы 19 сәуірде тағы да Жер комитеті кезінде патша үкіметінің Сібір және Орал казак әскерлерінің тартып алған жерлерін жергілікті қазақтарға қайтару туралы шешім қабылдады. Осы декретке сай орыс казактары Ертіс өзені бойында 177 мың, Орал өзені жағалауында 208 мың десятинадан астам жерлерді қайтаруға тиіс болды. 1922 жылы 26 тамызда Федералды Жер комитеті мен БОАК-ты «Қазақстанда негізгі еңбекпен жерді пайдалану туралы» заң қабылдады. Ол заң 31 тамызда күшіне енді. Бұл заң бойынша әркімнің өз жерінде қалуға және ол жерді пайдалануға құқығы болды. Жер заңға сәйкес құжатталған жағдайда ғана оны пайдаланушы сол жердің иесі болады. Ал даулы жерлерге заңға негізделген съездің немесе жер органдарының шешімі қажет болды[3, 34 б.].

Осы кезде қалыптасқан жағдайға байланысты Қазақстанның оңтүстігінде 1921-1922 жылдары Жер-су реформасы, яғни қазақтарды жерге орналастыру науқаны қызу жүргізіліп, жер мәселесі барынша өткір қойылды. Патша үкіметінің отарлау саясаты барысында Сырдария мен Жетісу губернияларында 1917 жылға дейін қазақ халқынан 5501438 десятина қолайлы жер тартып алынып, осы территорияда 444 казак станциялары мен қоныс аударушылар поселкелері орналасқан еді. Ондағы жер «әрбір орыс шаруасына 3,7, ал әрбір көшпенді шаруаға 0,21 десятина немесе 15 есе кем» бөлінді. Жер бөлудегі мұндай әділетсіздік жоғары деңгейдегі саяси жиындарда талқыланып, Жетісу облысындағы қазақ кедейі кеңестік билікті қолдау керек екендігін осы кулак арқылы ғана таниды деген пікірлер де айтылды. Мұндай кертартпа көңіл-күйсіз кетпеді. Түркістан АКСР кеңестерінің ІХ съезі және Түркістан коммунистік партиясының V съезі қалыптасқан жағдайды ескеріп жер-су реформасын жүргізу туралы директиваны қабылдады. Оны іске асыруда: қоныс аудару басқармасы жоспарланған немесе қырғыздардан (қазақтардан) өз бетінше тартып алынған барлық жерді қазақтарға қайтару, қоныс аударушыларға еңбек үлесі көлемінде ғана жер қалдыру саясатын ұстанды. Сонымен бірге көшпенді шаруашылықтарды біртіндеп отырықшылыққа айналдыру үшін оларға жайылымдық жерлермен бірге егістік жерлерді де бөлу, барлық кулак ұйымдарын жою, кулактарды қарусыздандырып, реэмиграция жүйесін қолданып, оларды үкіметтің жергілікті ұйымдарына және шаруашылық құрылысына қандай да болмасын ықпал жасау мүмкіндігінен айыру сияқты саяси мәні зор шаралар белгіленді. [3, 34 б.].

Реформа нәтижесінде 1916 жылғы көтерілістегі жеңілістен соң және Уақытша үкімет билігі кезеңінде жергілікті халықтан тартып алынған 232891 десятина жер қазақтар мен қырғыздарға қайтарылды. Осылайша, Оңтүстік өңірлерде жер-су реформасы 1922 жылдың жазында аяқталды. Жер-су реформасы Қазақстандағы түйінді аграрлық мәселелердің бәрін шеше алған жоқ, тек 7000 отбасы ғана орыс кулактарынан тартып алынған жерлерге ие болды. Дегенмен жер-су реформасының сол кездегі Қазақстан жағдайында саяси маңызы орасан зор болды және аса ірі революциялық шаралардың біріне айналды. Сондықтан да осы реформа барысында орын алған кемшіліктер аймақта кейінгі жылдары іске асырылған аграрлық саладағы өзгерістердің бағыты мен сипаттарына елеулі әсер етті.

Жер-су реформасы 1922 жылдың күзінде аяқталды деп есептелінді. 1922 жылдың 18 шілдесінде РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросының пленумында: Түркістандағы жер реформасы аяқталды, алдағы уақытта барлық жер аудару, қоныс аудару дегендер тоқтатылатындығы атап көрсетілді. 1922 жылы 31 тамызда БОАК төрағасы М.И. Калинин «Жетісу облысының барлық халқына» арналған үндеуінде жергілікті халықты жер реформасының аяқталуымен қызу құттықтап, реформаға БОАК құптау және қолдау жасағанын атап көрсетіп, жергілікті халықты енді күйзелген шаруашылықты жолға қоюға шақырды[3, 34 б.].

Түркістан үкіметінің 1922 жылы 5 қыркүйектегі қаулысымен «Республикадағы жерді еңбекпен пайдалану туралы негізгі заңның» күшіне енуіне байланысты жер-су реформасы аяқталды. Дегенмен Түркістанда жерге орналастыруға байланысты жұмыстар бұрынғы бағытымен жүргізіле берді. Қазіргі заманғы тарихи тәжірибе тұрғысынан бағалар болсақ, біріншіден, облыстағы 1921-1922 жылдардағы жер-су реформасы және одан кейінгі жерге орналастыру акциялары жер-суды пайдаланудың патриархалдық-феодалдық қатынастардың дәстүрлі түрлерін түбірімен өзгерте алмады. Екіншіден, Қазақ ауылдарындағы жерге қауымдық меншікке бұл шаралар елеулі ықпал жасаған жоқ. Түркістан компартиясының VI съезінде бұл мәселеге жер реформасы бұратана тұрғындардың таптық жіктелуі және Кеңес үкіметі мен компартияның әлеуметтік базасын кеңейту тұрғысынан аса ірі саяси тиімділікке қол жеткізгенімен, шаруашылық тұрғыдан әлдеқандай елеулі нәтиже бере қойған жоқ деген орынды баға берілді [3, 34 б.].

Алайда осы негізгі заңнан соң 1922 жылы 30 қазанда Кеңес үкіметі Ресей аумағын түгел қамтыған Жер кодексін қабылдады. Осы кезден бастап жер туралы бүкіл мәселенің бәрі мемлекеттің идеологиялық құндылықтарына негізделген құқыққа ие болды. Бұл кодекс бойынша жермен тұрғылықты халық қамтамасыз етілуі керек болды. Сонымен бірге автономияларға қосымша ұсыныстар мен негіздемелер жасауға рұқсат етілді. Алайда бұл заңда отырықшы-егіншілікпен айналысатын аудандардың мүдделері қамтылды да көшпенді аудандар мүлде көзге ілінбей қалды. Соның салдарынан қазақ қоғамы жермен толық қамтамасыз етілмеді.

Айтылғандарды тұжырымдасақ, Кеңес үкіметінің аграрлық саясатының бірінші кезеңі 1921-1922 жылдар аралығын қамтиды және Қазақстанның оңтүстік облыстарында Түркістанда ол барынша пәрменді жүргізілді және негізінен, 1922 жылдың күзінде аяқталды. РК(б)П Орта Азия бюросының 1922 ж. 18 шілдедегі пленумында жер реформасы аяқталды деп есептеліп, алдағы уақытта жер аудару мен қоныстандырудың бәрін де тоқтату қажеттілігі шешілді. Бұл шешім Түркістан Республикасы өкіметінің 5 қыркүйектегі 1922 жылғы «Түркістандағы жерді еңбекпен пайдалану туралы негізгі заң» деп аталатын қаулысы арқылы заңдастырылды. Осы қаулыдан кейін жер мәселесі төңірегіндегі алашапқын қарбалас біршама бәсеңдеді [4, 672 б.].

Аталмыш қаулының негізінде мемлекеттік жер қоры ұйымдастырылып, оған бөлінген 232.311 десятина жердің 163 мың десятинасы 1916 ж. көтеріліс жеңілгеннен соң жерінен айырылған 3523 көшпенді қырғыз (казак) шаруашылықтарына бөлініп берілді, бұл әрине маңызды еді. Осындай нәтижелеріне қарамастан 1921-1922 жылдары аграрлық реформаның саяси сипаты басым болғандығын атап көрсетуге болады. Өйткені Түркістанда кеңес билігін орнату аграрлық мәселені шешуге тікелей тәуелді еді. Реформаның тағы бір ерекшелігі отаршылдыққа қарсы бағытталып, жергілікті халыққа өз жерін қайтарып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруімен сипатталады. Мысалы, реформа барысында Түркістанда 1921 ж. еуропалықтардың 8084 шаруашылығы жер аударылып, нәтижесінде 232321 десятина, ал 1922 ж. 48700 десятина жер жергілікті халыққа қайтарылды. Жетісу обылысында 1921 ж. жергілікті тұрғындардың 4500 шаруашылығына 148 мың десятина жер қайтарылды. Осы жылдары Ертіс және Жайық өзендерінің сол жағалауларындағы казак әскерлеріне берілген миллиондаған гектар шұрайлы жерлер де жергілікті халыққа қайтарылды. Т. Рысқұлов 1921-1922 жылдары жер-су реформасының ең басты қорытындысын жергілікті халықты қырып жоюдың тоқтатылуы деп бағалады. Сонымен бірге ол өз тұжырымында реформа айтарлықтай экономикалық тиімділікке қол жеткізбегендігін де айтып, оның екі кемшілігін: 1) реформаның ұлттық ұрандармен өтуін 2) оның нәтижелерінің шаруашылық тұрғыда нығайтылмауын, реформаның саяси жағы экономикалық мүддеден басым түсіп жатқандығын атап айтты [5, 226 б.].

Бұл жерде Т. Рысқұловтың сол кезде биліктің жоғары эшалонында қалыптасқан ресми пікірді білдіріп отырғандығын да ескеруіміз қажет. Өйткені олардың есебі бойынша Түркістандағы жер-су реформасы Ресей губерниясындағы сияқты, ең алдымен, таптық сипат алуы тиіс болатын. Әйтсе де осы жауапты шараны іске асыруда белсенділік танытқан С. Қожанов бастаған жергілікті қызметкерлердің басым бөлігі жер-су реформасын Түркістандағы революцияға дейін жер саясатында орын алған әділетсіздіктерді жою құралы деп ұлттық тұрғыдан түсінді. Басқаша айтқанда, олар жер-су реформасына тек таптық қана емес, сонымен бірге ұлттық сипат беру бағытын ұстанды. Бірақ бұл Қазақстан басшыларына оңайға түскен жоқ. Бұл шаралар қоныс аударушылар мен жергілікті халық арасындағы ұлтаралық қатынасты шиеленістірді. Осы жағдаятты Т. Рысқұлов былайша атап көрсеткен еді: «Лепсі уезіндегі қайтарылған жерді қазақтарға бергенімен, іс жүзінде орыстар оларды уезде жаппай ұрып-соғып, бөлінген жерді кері алуда. Осы уезде орыстар қолымен онбір адам өлтірілді», Ал оңтүстік аймақтарда жер мәселесін шешу, тіпті, қиын болды. Бұл аймақтағы қоныс аударушылардың үлкен қарсылық көрсетуіне байланысты жергілікті Үкімет органдары күш қолдануға мәжбүр болды. Алайда қазақ жерлерін қайтару шараларын жүзеге асыруда кейбір қаталдықтарға да жол берілді [6, 407 б.].

Бұл аймақта жергілікті билік, тіпті, отарлаушы кулактарға барлық қоныс аударушыларды жатқызып, кейбір орыс деревнялары мен казак хуторларын түгел үдере көшіртуге әрекеттенді. Мысалы, Түркістанда 151 орыс шаруа деревнясы, 175 казак хуторы күшпен таратылды.

Жүргізілген шараларға қарамастан жер-су реформасына байланысты қабылданған бұл декреттердің шешімдерін жүзеге асыру мүлде селқос, немқұрайлы түрде болды, кей жерлерде, тіпті, орындалмады да. Себебі Жер комитеттерінде бұрынғы көші-қон басқармасының чиновниктері қызмет етті де реформаның тез жүзеге асуына мүдделілік байқала қоймады. Шовинистік орталық билік үшін алыстағы «түземдіктердің» мүддесінен гөрі ішкіресейлік губерниядан Түркістан жеріне қоныс аудару барған орыс шаруалары мен кулактарының реформаны тоқтатуды талап еткен тілектері түсініктірек және жақынырақ еді. Сонымен бірге декреттердің

шешімдерін анықтайтын бағдарламалар жергілікті жерлерге өте кеш келді, тіпті, олардың өзінде түрлі қарама-қайшы нұсқаулар болды. Осының салдарынан БОАК жергілікті жерден 1921-1922 жылдары реформаға сәйкес қуылған еуропалықтардың қаптаған арыздары мен шағымдары астында қалып, мәселені қайта қараттыру үшін Түркістанға Серафимов басқарған арнайы комиссияны аттандырды. Комиссия жергілікті жердегі қайраткерлердің табанды қарсылығына кездескендіктен, дұрыс жұмыс атқара алмады. Сұлтанбек Кожанов Мәскеуден бұл комиссияны таратуды талап етті. Бірақ Ф. Голощекиннің Қазақстан партия ұйымына жауапты хатшы болып келуі мұндай көзқарасқа тосқауыл қойды [7, 29 б.].

Нәтижесінде 1927 жылы қарашада болып өткен VI бүкілқазақтық партия конференциясы өзінен бұрынғы 1925 жылы V бүкілқазақтық партия конференциясының жерге кезекпен орналастыру туралы шешімін жойып, «алдағы уақытта Қазақстанда мекендейтін барлық ұлттарды бір мезгілде жаппай жерге орналастыруды жүргізу қажет», - деген жаңа қаулы қабылданды [8, 26 б.].

Қалай болмағанымен, Қазақстандағы 1921-1922 жылдары жүргізілген жер-су реформасы қарқынды басталып, бірақ аяқсыз қалды. Кеңес үкіметі патшалық үкіметтің жер мәселесіндегі отарлық саясатын жойғысы келгенімен, іс жүзінде жерді пайдалануды тек таптық тұрғыдан біржақты шешті. Мұндайда ұлттық мүдде ескерілмей жергілікті қазақ халқы мен қоныс аударушылардың құқығы теңестірілді. Оның үстіне патша үкіметі кезінде жерге орналасқан басқа ұлт өкілдері ол жерден айырылғысы келмей үлкен қарсылық көрсетті. Сонымен қатар олар өз иеліктеріндегі жерлердің межелеуіне, яғни шекараларының айқындалмауын пайдаланып, жаңа жерледі де тартып алды.

Қорыта келгенде, айтарымыз, 1921-1922 жылдары Түркістан мен Қазақстанда жүргізілген жер-су реформасының саяси сипаты басым болды. «Әскери коммунизм» саясатының негіздерін сақтап қалған заң ауыл-селодағы әлеуметтік жіктелудің табиғи-тарихи дамуын әкімшілік тәсілдері арқылы жасанды түрде жүргізуге бағытталды. Соның нәтижесінде ауыл-селоның әлеуметтік-экономикалық дами бастады.

Тұрар Рысқұловтың жер-су реформасы жүзеге асырылды деп санауға болады. Бұл кезеңде Кеңес өкіметі Қазақстанда аграрлық реформаларды іске асырып, шаруалар мен жұмысшылардың жағдайын жақсартуды көздеді. Оның ең маңызды шараларының бірі – жерді жаппай қайта бөлу, әсіресе байлардың жерін кедейлерге үлестіру және жердің тұтастығын сақтау болды. Көпшілік өкінішіне орай Рысқұлов 1937 жылы сталиндік репрессиялардың салдарынан қуғын-сүргінге ұшырады. Ол 1938 жылы тұтқындалып, ату жазасына кесілді. Рысқұловтың тағдыры қазақ халқы үшін өте қайғылы болды, өйткені оның есімі кеңес кезеңінде ұзақ уақыт бойы ұмытылып, қуғын-сүргіннің құрбанына айналды.

Тұрар Рысқұловтың атқарған қызметі мен ұлт үшін жасаған еңбектері бүгінгі күнге дейін жоғары бағаланады. Оның жер реформалары, аграрлық саясаты және қазақ халқының мәдени және саяси құқықтарын қорғауға деген ұмтылысы оның басты мұрасы болып табылады. Тұрар Рысқұловтың есімі көптеген тарихи зерттеулерде, кітаптарда және ғылыми жұмыстарда кеңінен аталады. Оның тағдыры мен атқарған қызметтері қазіргі Қазақстан тарихында маңызды орын алды. Ол қазақ халқының тәуелсіздігі мен дамуына үлес қосқан ұлы тұлғалардың бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/Тұрар_Рысқұлов
2. <https://stud.kz/referat/show/36272>
3. Омарбеков Т. XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері. - Алматы, 2001.
4. Туркестан в начале XX века. К истории истоков национальной независимости. -Ташкент, 2000.
5. Қазақстан (қазақ елі) тарихы, 3 кітап, -Алматы-қазақ университеті 2016.
6. Рысқұлов Т. 1916 жылғы көтеріліс // Новый Восток.-М., 1924. -№6-4076.
7. Койгелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? – Алматы, 1993.
8. Материалы к отчету Казкрайкома ВКП(б) на VIВсеказахской Партконференции. -Алма-ата, 1930.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНЫҢ БІРІГУІ – АЙМАҚТЫҚ МӘДЕНИ ИНТЕГРАЦИЯ

Дюсенова Ш.Б

Ғылымижетекшісі: доктор Ph.DДюсупова Сәуле Туяковна
Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан
shyrailum04@gmail.com

XVI-XVII ғасырлар аралығында Қазақ хандығының мәдениеті мен саяси құрылымы Орталық Азия халықтары арасындағы мәдениүдерісіне елеулі әсер етті. Осының нәтижесінде жаңа құрылған қазақ этносы Дешті Қыпшақтың аймақтық мәдени интеграцияның негізгі қатысушысына айналды. Қазақ этносының қалыптасуы ұзақ және үздіксіз процесс екені мәлім, дегенмен Қазақ хандығы құрылғаннан бастан өзіндік салт-дәстірлері, өмір сүру болмысы өзгерістер, ішкі-мәдени интеграцияларға әкеліп, көршілес мемлекеттерден ерекшелене бастады.